



Ұлт даналығының торқалы тойы

Ұлы Абайдың 180 жылдық мерей-тойына арналған онкүндік осымен өз мәресіне жетті. Бүгінгі ақпарат – ертеңгі тарих парағы.

Ер Төстік ертегісінде Ерназар қарттың «Сегіз ұлым бір төбе, Ер Төстігім бір төбе» дейтіні секілді, Абай тойындағы тамылжыған тамыздың тоғыз күні бір төбе де, Қарауылтөбедегі оныншы күні бір төбе. Бұл күнгі той нағыз елдіктің тойы болды.

Қарауылтөбенің баурайы құжынаған халық, қаздай тізілген ақ шаңқан үйлер кішігірім қалашық іспетті. Қарадан шығып хан болған, нәсілін Тәңір артық жаратқан, жеті атасынан тектілік үзілмеген әйгілі қаракөк әулет бұған дейін Өскенбайдың, Кеңгірбай бидің, Құнанбайдың асын берген ел емес пе? Егемендіктің елең-алаңында хакімнің 150 жылдық тойының дабысы дүниеге жеткені бар. Ол – дүниежүзілік көлемде өтсе, бұл тойы облыстық аяда басталған. Алайда «адамзаттың бәрін сүй бауырым деп» насихат қылған ақын тойына кім келсе де, Абай елінің есігі қашанда, қай заманда да айқара ашық. Түйіндей айтсақ, бұл той бұған дейінгі жақсылықтың рекордын жаңартып жатқандай сезілді.

Мемлекет басшысының ұйғарымымен 10 тамыз Абай күні деп бекітілгені белгілі. Осыған орай, биылғы мерейтойға байланысты ұлттың

еңбекқор, адал азамат болуға шақырып, ұлттың жаңа сапасын қалыптастыратын қасиеттерді кеңінен дәріптеді. Отанға деген сүйіспеншіліктің және ел мүддесі үшін қалтқысыз қызмет етудің озық үлгісін көрсетті.

Хакім Абайдың мол мұрасы – қазақ халқының ғана емес, барша адамзаттың өнеге алатын асыл қазынасы. Оның ой-толғамдары мен өсиеттерінің өзектілігі ешқашан жоғалмайды. Сондықтан Абайды тану және таныту, шығармашылығын терең зерделеу өте маңызды. Бүгінгі салтанатты іс-шараның түпкі мәні де – осында.

Бұл өңір – Абаймен қатар Шәкәрім Құдайбердіұлы, Мұхтар Әуезов сынды ұлттың ұлы перзенттерін дүниеге әкелген киелі өлке. Мемлекет осы аймақты ұлттық құндылықтар мекені ретінде өркендетуге баса мән береді.

Ұлы ойшылдың өміршең өлеңдері мен қастерлі қара сөздері әлі талай ұрпаққа рухани азық болары анық.

Ұлы Абайдың аманатына адал болайық!», делінген құттықтау хатта.

Бұдан кейін сөз алған облыс әкімі Берік Уәли жұртшылықты айтулы күнмен құттықтап, Абайдың 180 жылдығы биыл алғаш рет онкүндік ретінде аталып өткенін айтты.

«Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев Қазақстан халқына арнаған жаңажылдық құттықтау сөзінде «Ұлы

Қаракөз Сүлейменова, Ерлан Рысқали, Айгүл Елшібаева, Гүлмира Сарина, Айбек Бекбосын, сондай-ақ «Тараз» триосы мен «Алатау серілері» этно-фольклорлық ансамблі өнер көрсетті.

Парламент Сенатының төрағасы бастаған құрметті қонақтар Қарауыл ауылындағы Абай ескерткішіне гүл шоқтарын қойды. Бұдан соң Қарауылтөбе бөктеріне тігілген 200-дей киіз үйде бұл өлкені мекендеген, ұлы денелері тарихи мекеннен тұрақ тапқан тұлғалар рухына бағышталған ас берілді. Абай Құнанбайұлының рухына бағышталып Құран оқылды.

* * *

«АБАЙ ЕЛІ» СТЕЛЛАСЫ АШЫЛДЫ

Ұлы той аясында Абай ауданының Қарауыл елді мекені маңындағы Қарауылтөбеде (төбенің басына) «Абай елі» стелласы тұрғызылды. Ескерткіштің ашылуына облыс әкімі Берік Уәли және ауданның ақсақалдары қатысты.

«Төбеге арнайы баспалдақ салынып, абаттандырылды. Ескерткіш төрт тұғырлы. Бірінші тұғыры: Қауырсын қалам немесе «Өлең сөздің патшасы, сөз сарасы». Екінші тұғыры: Қалқан – кешегі ел қорғаған батырлар мен бүгінгі ерлеріміздің ерлік айбары. Үшінші тұғыры: Домбыра – Абайдың жаны мен әнінің өзегі. Төртінші тұғыры: ұлыларды тудырған ақ бесік. Ескерткіштің ең басы, шарықтау шегі – ғаламшар мен оны айнала қалықтаған тыныштық пен тұрақтылықтың символы – қарлығаш құс. Ескерткіш Абай ауданының кәсіпкерлері демеушілігімен бой көтерді», дейді ескерткіштің авторы, мүсінші Нұрбол Қалиев.

Бұл нысан аудан қонақтары үшін ауылдың көркем келбетін биіктен тамашалауға мүмкіндік беретін ерекше көрікті орынға айналмақ.

* * *

«БАЛА АБАЙДАН – ДАНА АБАЙҒА ДЕЙІН»

Бұдан соң халық Қарауылтөбенің баурайына жиналды. Қарақұрым жұрт сендей соғылады. Қарасы қырық мыңның үстінде деседі. Кенет, қасиетті Қарауылтөбе демін ішіне тарта қалғандай, Шыңғыстаудың жүрегі дүрсілдеп бейне бүгін бір қансонардың қызығын көретіндей тына қалсын. Соңадайдан салт аттылы үшеудің қарасы көрінді. Қаланың күйбең өмірінен қажу көріп, оқудан аздап ерқашты болған бала шәкірт Абай кең сахарасын сағынып, асығып келеді екен. Артында екі нөкері. Жорға Жұмабай мен Жантас. Бала Абайдың құнанынан түсіп, Құнанбай қажыға сәлем беруі, әжесі Зереге және аналарына. Бәрі шынайы көз алдында өтіп жатқандай. Бұдан соң тобықты елінің толықсыған көші өтті. Бұл – театрланған көрініс. Бағанағы бала Абай – дана Абайға дейін қандай соқтықпалы соқпақпен жүрді, соның бәрін жары сағатқа сыйғызып қойылым-концерт. «Бала Абайдан – дана Абайға» этнографиялық дала қойылымының режиссері – мәдениет саласының үздігі, белгілі режиссер Жұлдызбек Жұманбай екенін ерекше айту керек. Бұған қоса Қарауылтөбеде өткен барша мәдени іс-шаралардың бас режиссері болған да – Ж.Жұманбай. «Бала Абайдан – дана Абайға» этнографиялық дала қойылымының сценарий авторы – әріптесіміз, жазушы Қуат Қиықбай. Абай образында – Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері Мұхтар Әуезов атындағы Қазақ мемлекеттік академиялық драма театрының актері – Болат Әбділманов. Құнанбай образында – Ғабит Мүсірепов атындағы Қазақ мемлекеттік академиялық балалар мен жасөспірімдер театрының актері, мәдениет саласының үздігі –



Әсет Иманғали. Салқар көш өтті. Абай елі шеру тартты. Міне, осында өнер көрсеткен – облыстық Абай атындағы Қазақ музыкалық драма театрының, облыстық Достоевский атындағы орыс драма театрының және «Дариға-ай» жастар театрының әртістері. Сонымен қатар Әміре Қашаубаев атындағы мемлекеттік филармониясы мен Абай аудандық «Қаламқас» ән-би ансамблінің өнерпаздары, Абай елінің өнер иелері бар.

* * *

ТОЙТАРҚАР

Абай облысындағы ақынның 180

жылдығына арналған онкүндігі туған жері – Абай ауданында түйінделді.

«Жеті қазына» фестивалі аясында көптеген спорттық мәдениіс-шара өтті. Жүлделі орындарға ие болған спортшыларға облыстың демеушілері атынан жалпы саны 90 бас жылқы мен 10 автокөлік сыйлық ретінде берілді. Ең кереметі, мұның бәрі осы Абай еліндегі кәсіпкер азаматтардың демеушілігімен жүзеге асқанын айта кеткеніміз жөн.

Ерекше атап өтерлігі, ұлы Абайдың жақсы көрген ойыны тоғызқұмалақ сайысы мен 180 шақырымдық ультрамарафонға еліміз бойынша тұңғыш рет автокөлік сыйға тартылды. Семей мен Қарауыл арасын 19 сағат 9 минутта жүгіріп өткен Баубек Ильесов (Батыс Қазақстан облысы) жарыс жеңімпазы атанды. Тоғызқұмалақ сайысында шымкенттік Ғалымжан Темірбаев бірінші орынды иеленді. «Түйе балуан» күресінде маңғыстаулық Нұрдаулет Жарылғапов (Қарабау), «Өгіз балуан» бәсекесінде алматылық Жігер Еркінұлы қарсылас шақ келтірмеді. Енді Абай Құнанбайұлының 180 жылдық мерейтойы аясында өткен спорттық жарыстардың қорытындысын тарқатып айтайық. Тазы жарысы: III орын – Рахат Ақылжанов (Құлпынай), Абай облысы Үржар ауданы – 1 бас жылқы. II орын – Азамат Төкешов (Желқара), Қарағанды облысы – 2 бас жылқы. I орын – Айдын Құдайбергенов (Сылдыр), Алматы облысы – 3 бас жылқы. Құсбегілік: III орын – Шәміл Жексембаев (Сонар), Павлодар облысы – 1 бас жылқы. II орын – Нұрлыхан Жөркен (Қараторғай), Қарағанды облысы – 2 бас жылқы. I орын – Бақдәулет Бабажан (Қапсалған), Жамбыл облысы – 3 бас жылқы. Дәстүрлі садақ ату: III орын – Ербол Таленов, Астана қаласы – 1 бас жылқы. II орын – Забит Сатаев, Шымкент қаласы – 2 бас жылқы. I орын – Мақсат Әбдікерімов, Шымкент қаласы – 3 бас жылқы.

Жорға жарысы: V орын – Байторы, иесі

Арлан Теміржан (ШҚО, Катонқарағай ауданы) – 1 бас жылқы. IV орын – Яро Син, иесі Қымбат Альтаир (Семей қаласы) – 2 бас жылқы. III орын – Ақбақай, иесі Базарбай Оразбек (Абай облысы Бесқарағай ауданы) – 3 бас жылқы. II орын – Лауриен, иесі Айдар Сексембаев (ШҚО, Күршім ауданы) – 5 бас жылқы. I орын – Қаған, иесі Ата Жақыпбек (Қырғызстан) – «Кобальт» автокөлігі (демеушісі – Абай ауданы Құндызды ауылының ел ағасы Қыдыралин Тілектай Сатынсақұлының ұрпағы, кәсіпкер Әсет Қыдыралин). Тоғызқұмалақ: III орын – Ринат Керейбаев (Павлодар облысы) – 1 бас жылқы. II



орын – Биғали Зікрияев (Астана қаласы) – 2 бас жылқы. I орын – Ғалымжан Темірбаев (Шымкент қаласы) – «Chevrolet Monza» автокөлігі (демеушісі – Үржар ауданының кәсіпкерлері). 180 шақырымдық марафон (Семей қаласы әкімдігінің ұйымдастыруымен): 20-40 жас аралығына: III орын – Руслан Оразов – 1 000 000 теңге. II орын – Рақымжан Келманов – 1 500 000 теңге. I орын – Меіріп Кутуев (Абай облысы) – 2 000 000 теңге. 41 жастан асқандар: III орын – Мейірбек Қайырбеков (Абай облысы) – 500 000 теңге. II орын – Нұр Аманшүкіров (Жамбыл облысы) – 500 000 теңге. II орын – Тілек Тоқтасынұлы (Жетісу облысы) – 1 000 000 теңге (демеушісі – шымкенттік меценат Балтабай Тасболатұлы). I орын – Жігер Еркінұлы (Алматы қаласы) – «JAC» автокөлігі (демеушісі – Абай облысы қазақ күресі федерациясының президенті Алмас Баяхметов). Өгіз балуан: III орын – Мейірбек Қайырбеков (Абай облысы) – 500 000 теңге. III орын – Нұр Аманшүкіров (Жамбыл облысы) – 500 000 теңге. II орын – Тілек Тоқтасынұлы (Жетісу облысы) – 1 000 000 теңге (демеушісі – шымкенттік азамат Балтабай Тасболатұлы). I орын – Жігер Еркінұлы (Алматы қаласы) – «JAC» автокөлігі (демеушісі – Абай облысының қазақ күресі федерациясының президенті Алмас Баяхметов). Түйе балуан: III орын – Нұрсұлтан Қабылан (Қостанай облысы) – 1 000 000 теңге. III орын – Ғалымжан Қырықбай (Жамбыл облысы) – 1 000 000 теңге. II орын – Ерасыл Қажыбаев (Абай облысы) – 2 000 000 теңге (демеушісі – Аягөз ауданының кәсіпкерлері).

(Жалғасы 2 бетте).



торқалы тойы әуелі таңғы тоғызда «Жидебай-Берілі» тарихи-мәдени және әдеби-мемориалдық музей қорығында хакім рухына Құран оқылып, құрбан шалу рәсімінен басталды. Оған Астана-надан арнайы келген Сенат төрағасы Мәулен Әшімбаев, Абай облысының әкімі Берік Уәли, Халық жазушысы Төлен Әбдік, Бас мүфти Наурызбай қажы Тағанұлы және еліміздің әр түкпірінен жиналған ақын-жазушылар, сонымен бірге шетелдік меймандар қатысты. Олар Абай музей-үйін тамашалап, Жидебай қорығында жатқан ұлылар мазаратына зиярат жасады.

* * *

САЛТАНАТТЫ СӘТ

«Абай күніне» арналған салтанатты рәсімге Сенат төрағасы Мәулен Әшімбаев, Шығыс Қазақстан облысының әкімі Нұрымбет Сақтағанов, Абай облысының әкімі Берік Уәли бастаған құрметті қонақтар қатарында Парламент депутаттары, Қазақстанның халық жазушысы Төлен Әбдік, Бас мүфти Наурызбай қажы Тағанұлы, Жазушылар одағының төрағасы Мереке Құлкенов қатысты.

Мәулен Әшімбаев «Абай күніне» арналған салтанатты шараның ашылуында сөз сөйлеп, Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың мерейтойға арнаған құттықтау хатын оқып берді.

«Абай – төл мәдениетімізді дамытуға өлшеусіз үлес қосқан әлемдік деңгейдегі кеменгер тұлға, халқымыздың сана-сезімін жаңғыртқан ұлы ақын.

Ол жаңа әдебиетіміздің негізін қалап, дүниетанымымыздың көкжиегін кеңейтті. Өскекең ұрпақты білімпаз,

тойдың бедерінде елге игілікті біраз шаруа атқарылды. Той тарап, әбігер басылған соң да ел игілігіне қызмет ете беретін дүниелер жасауды мұрат еттік», деді өңір басшысы.

Облыста мерейтойға орай Президенттің қолдауымен «Абайға құрмет» акциясы басталды. Еліміздің әр өңірі бір нысаннан салып береді. Маңғыстау Достық үйінің құрылысын бастаса, Шымкент шығармашылық орталықты, Түркістан көрме орталығын, Астана келешек мектебін, Ақтөбе жекпе-жек орталығын, Павлодар облысы Үстел теннисі орталығын салуды, Шығыс Қазақстан Ертіс жағалауын абаттандыруды жоспарлап отыр.

«Абай-Шәкәрім» кесенесі аумағында «Этноауыл Жидебай» кешені бой көтереді. Абай ауданының тумасы, меценат Бектас Медғатовтың бастамасымен жүзеге асатын, 60 гектар аумақты қамтитын кешен өңірдегі туризмді дамытып, рухани-мәдени мұраны дәріптеп, Жидебайды халықаралық туристік бағыттардың біріне айналдырады.

Сонымен қатар Жидебай мен Бөріліде антенна-діңгекті құрылып орнатылып, интернет қосылды. Осылайша, ақын тойы қарсаңында Абай ауданы 100 пайыз интернетпен қамтылды.

Мерейтойға келген құрметті қонақтар «Бала Абайдан – дана Абайға» атты театрландырылған тарихи қойылым мен «Өлеңге әркімнің-ақ бар таласы» атты концертті тамашалады. Концерте Секен Тұрысбек, Досхан Жолжақсынов, Майра Илиясова, Нұрлан Өнербаев, Қанат пен Айтқұл Құдайбергеновтер,

АБАЙ ҚҰНАНБАЙҰЛЫНЫҢ ТУҒАНЫНА 180 ЖЫЛ

Ұлт даналығының торқалы мойы

(Жалғасы, басы 1 бетте).

I орын – Нұрдәулет Жарылғапов (Маңғыстау облысы) – «Омода» автокөлігі (демөушісі – Бесқарағай ауданы).

Топ бәйге: V орын – Бермет, иесі Руслан Досжанов (Жетісу облысы) – 1 бас жылқы. IV орын – Жүрек, иесі Оразбек Базарбай (ШҚО, Күршім ауданы) – 2 бас жылқы. III орын – Барыс, иесі Қасым Алтынбай (Алматы облысы) – 3 бас жылқы. II орын – Қамысқұлақ, иесі Біржан Шаймерденов (СКО) – 5 бас жылқы. I орын – Тобылғы торы, иесі Нұрсейіт Жылқышыбай (Алматы облысы) – «JAC» автокөлігі (демөушісі – «Эйкос» компаниясының директоры Александр Соловьев). Аламан бәйге: V орын – Қалқаман, иесі Нұрлан Қазезов (Абай облысы) – 1 бас жылқы. IV орын – Покер, иесі Нұржігіт Табылдиев (Астана қаласы) – 2 бас жылқы. III орын – Қарлығаш, иесі Мейрамхат Ысқақов (Абай облысы Аягөз ауданы) – «Lada Granta» автокөлігі (демөушісі – Ақсуат ауданының кәсіпкерлері). II орын – Көксерек, иесі Медет Ергалимов (ШҚО, Күршім ауданы) – «Chevrolet Monza» (демөушісі – Көкпекті ауылшаруашылық қоры). I орын – Байдиқ, иесі Ардақ Сарсекеев (Павлодар облысы) – «Hyundai Santa Fe» автокөлігі (демөушісі – «Бородулиха» қоғамдық қоры).

Облыс әкімі Берік Уәли марапаттау салтанатына қатысып, жеңімпаздарды жеңісімен құттықтады. Сондай-ақ өңір басшысы мерейтойлық онкүндік аясында той тойлауға емес, ой ойлауға, рухани, зияткерлік, танымдық, спорттық шараларға баса мән берілгенін айтты.

«Жалпы, онкүндік іс-шара елдің береке-бірлігінің арқасында жоғары деңгейде өтті деп есептеймін. «Абай академиясы» атты энциклопедиялық портал ашылды. Бірнеше кітаптың тұсауы кесілді. Мыңнан астам команда қатысқан «Абай қуиз» интеллектуалдық ойыны өткізілді. Зағип жандар мен нашар көретін азаматтарға арналған кітапхана іске қосылды. Бүгін өздеріңіз көргендей, жұлде қорларының әр өңірге, тіпті қырғыз еліне дейін кеткенін қуантады. Осы ретте тойдың жоғары деңгейде өтуіне атсалысқан облыстың жанашыр азаматтарына алғыс айтамын», деді өңір басшысы.

Он күнге созылған хакім тойы Қарауылтөбеде «Желсіз түнде жарық ай» гала-концертімен түйінделді. Оған еліміздің эстрада жұлдыздары қатысты.

* * *

ТАҒЫЛЫМДЫҚ ТҰСАУКЕСЕР

Қарауылда қызған дүбірлі думандар, спорттық, мәдени дүниелермен қоса, Семейде руханияттың туы желбіреді де тұрды. Ұрпаққа мұра боларлық игі істер атқарылғанын да айрықша айтуымыз керек.

Семей қаласында 6 тамыз күнгі іс-шаралар аясында Абай еліне рухани тарту ретінде Әуезов колледжі жанынан құрылған «Ес-аймақ» рухани орталығында өткен ерекше кеште халықаралық «Алаш» әдеби сыйлығының лауреаты, жазушы Асқар Алтайдың «Абай жолы» энциклопедиясының және «Дарын» Мемлекеттік жастар сыйлығының лауреаты, қаламгер Бағашар Тұрсынбайұлының «Абай Құнанбайұлы кім?» атты кітабының тұсаукесері өтті.

Қос туынды – ұлы ақын Абайдың рухани әлемін терең тануға, оның мұрасына жаңаша көзқараспен үңілуге мүмкіндік беретін құнды еңбектер. Энциклопедиялық және танымдық

сипаттағы бұл кітаптар әдебиетсүйер қауымға арналған маңызды рухани олжа екені сөзсіз.

Іс-шараға қоғам және әдебиет қайраткерлері қатысты. Атап айтқанда, Парламент Мәжілісінің депутаты, ақын Жанарбек Әшімжанов, филология ғылымдарының докторы, профессор Арап Еспенбетов, ақын Асылан Тілеген, жазушы, документалист Қанат Тілеухан кештің құрметті қонақтары қатарынан табылды. Кештің модераторы – филология ғылымдарының докторы, ақын Бауыржан Жақып болды. Ол Абай мұрасын насихаттаудағы осындай еңбектердің маңызына тоқталып, авторларға жылы лебізін білдірді.

Тұсаукесерде облыс әкімі аппараты басшысының орынбасары Ербол Алшынбай өңір басшысы Берік Уәлидің құттықтауын жеткізді.

«Әлем әдебиетінің тарихында көркем шығармаға арналған танымдық энциклопедия некен-саяқ. Ал біздің ұлттық әдебиетімізде мұндай энциклопедия тұңғыш рет шығып отыр. Сондықтан бұл абайтанудың жаңа кезеңінің бастауы деп сенеміз. Абайдың мол мұрасы, ғибратты ғұмырнамасы және рухани қазынасын өскелең ұрпақ санасына сіңірудегі маңызды еңбек», делінген құттықтау хатта.

Аталған тұсаукесер ұлы Абайдың шығармашылығына арналған іс-шаралардың жарқын жалғасы ғана емес, сонымен қатар ұлт руханиятына қосылған сүбелі үлес дерлік.

* * *

КЕМЕҢГЕР КЕҢІСТІГІ

Шәкәрім университетінде «Адамзаттың Абайы: руханият, парасат, таным» атты халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференция өтті. Аталған ғылыми жиыныға заңғар жазушы Мұхтар Әуезовтің немересі, түркітанушы ғалым Зифа-Алуа Мұратқызы, қазақ әдебиеті мен Абай шығармашылығын түрік тілінде насихаттауда орасан зор еңбек атқарып келе жатқан ғалым Нергиз Бирай, түркітанушы, арабтанушы ғалым Роберт Эрмерс (Нидерланд Корольдігі), отандық руханияттың беделді өкілдері Арап Еспенбетов, Тұрсын Жұртбай, Кенжехан Матыжанов, Ербол Тілешов, Анар Фазылжанова, Базарбек Атығай, Рахымғали Құл-Мұхамед және жас ғалымдар Әзімхан Исабек, Елдос Тоқтарбай қатысты.

Дала данышпанының мерей-тойы – тарих пен тағылым тоғысқан ұлылықтың тойы екеніне маңыз берген университет ректоры Думан Рымғалиұлы: «Абай тойы – бұл тек бір ақынның тойы емес, тұтас ұлттың, оның даналыққа толы ой-санасының, мәдениетінің, рухының көрінісі. Бұл – қазақ руханияты үшін ғана емес, бүкіл түркі әлемі мен жаһандық өркениет үшін елеулі тарихи белес. Өйткені Абай – өзінің терең ойымен, кемел парасатымен, адамзаттық құндылықтарды дәріптеген даналығымен әлемдік деңгейдегі кемеңгер ойшыл тұлға. Бүгінгі конференциямыз – Абай мұрасын жаңа қырынан танып, оның рухани-адамгершілік, философиялық, ағартушылық мұраларын заманауи көзқараспен бағамдауға, ұлттық идеологияны нығайтуға, білім-ғылым және тәрбие жүйесінде тиімді қолдануға ой қосатын ғылыми алаң», деді.

Конференцияда Абай облысының әкімі Берік Уәли, Ғылым және жоғары білім министрі Саясат Нұрбек, түркітанушы ғалым, Неймеген Радбауд университетінің профессоры Зифа-

Алуа Әуезова, Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің ректоры Ерлан Сыдықовтардың құттықтауларына кезек берілді.

«Бүгін, онкүндіктің тоғызыншы күнінде, айтулы ғалымдар мен білікті мамандар жиналып, Абай ойының тереңіне ден қойып, сипаты мен сырына көңіл бөліп отыр. Абайдың рухани мұрасын терең зерделеу, ақынның шығармашылығы мен ой-толғамдарын қазіргі заман тұрғысынан қайта пайымдау, ақын үндеген ұлттық сананы қалыптастырудағы, білім мен тәрбиедегі, тұлға дамытудың мәдени-философиялық негізі ретіндегі орнын айқындау үшін аса маңызды», деді өңір басшысы.

Ғылым және жоғары білім министрі Саясат Нұрбек өз сөзінде заманауи технологиялар мен рухани құндылықтардың үндестігіне ерекше назар аударды.

«Біз қандай заманауи технологияларды дамытсақ та, түптеп келгенде, адамзатқа ең керегі – гуманизм, адамгершілік, сүйіспеншілік, кісілік пен ізгілік екенін айқын түсініп отырмыз. Ал бұл құндылықтардың қайнар көзі – Абай. Бұл – біздің ғана пікіріміз емес, оны бүкіл әлем мойындап отыр. Сол себепті Мемлекет басшысының бастамасымен былтырдан бастап Абайдың «Толық адам» ілімін еліміздің барлық университеттеріне енгізіп жатырмыз. Себебі Абай мұрасы – тек абайтанушылар мен әдебиет зерттеушілерінің еншісіндегі дүние емес, бұл – әр қазақ баласының санасына сіңуі тиіс рухани бағдар, ұлттық тәрбие мен мәдени құндылықтың алтын арқауы. Осы жолда бірлесіп жұмыс істеу – бәріміздің ортақ міндетіміз», деді министр.

Бұдан соң Думан Орынбеков конференцияның сүйінші жаңалығы – Абай шығармаларының үш томдық академиялық толық жинағының жарық көргенін жеткізді. Жинақты даярлап, басып шығару секілді күрделі де жауапты шаруаның басы-қасында жүрген белгілі әдебиеттанушы ғалым, Мұхтар Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институтының директоры Кенжехан Матыжанов екенін айта кеткен жөн. Ол өз сөзінде Абай шығармаларының бұл басылымын дайындау барысында текстологиялық тұрғыдан әзірге бір ізге түсе қоймаған немесе әлі күнге дейін шешімін таппаған мәселелерге де назар аударылғанын айтты.

Сөйтіп, Абай шығармаларының үш томдық академиялық жинағының және «Абай әлемі: аударма, тағылым, мұра» кітаптар топтамасының тұсаукесер рәсімі өткізіліп, оқырманға жол тартты. Ал ақын Ақберен Елгезек басқарып отырған «Абай» баспасы ұлы кемеңгердің мерейтойына бұрын-соңды жарық көрмеген 6 кітапты өз қаржысына шығарып, оқырман назарына ұсынды.

Филология ғылымдарының докторы, Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің профессоры Тұрсын Жұртбай «Шын жүрек – бір жүрек...» тақырыбындағы нашіясында: «Сарыла отырып санап шыққанымда, Абай өзінің шығармаларында «жүрек» деген сөзді 167 реттен аса қолданыпты. Ал сол «жүректің» баламасы не ауыспалы мағынасы ретінде қолданылған көңіл, көңіл кірі, кірлі көңіл, күпті көңіл, бұла буын, ысынған кеуде, булыққан тула бой, жан, тән, тағы да басқа телімдерді қоссақ, оның саны екі еселенбек. «Телміріп, терең ойдың соңына» түсіп,

тек «жүректің» өзін ғана Жүрек-Қалб философиялық жүйесінің ұғым категориялары туралы оқымыстылардың арлы-берлі айтылған ойларымен салыстырып қарағанымызда, бұл 167 жүректің 167 түрлі мағына мен көңіл күй ауанын беретініне көзіміз анық жетті. Соны қысқаша нашія түрінде пайымдап, назарға ұсынуды мақұл санадық», деді.

Ал PhD, Памуккале университетінің (Түркия, Денизли) профессоры Бирай Нергиз «Türkiye'deAbay Kunanbayuli üzerine yapılan çalışmalar bir bakış», Ғылым және жоғары білім министрлігі Тіл саясаты комитетінің төрағасы, филология ғылымдарының кандидаты, доцент Ербол Тілешов «Абайдың интуитивті таңымы», Ахмет Байтұрсынұлы атындағы Тіл білімі институтының директоры, филология ғылымдарының кандидаты, доцент Анар Фазылжанова «Абайдың қарасөздеріне квантитативті және лингвостатистикалық зерттеу» деген тақырыпта және PhD, профессор, түркітанушы, арабтанушы ғалым Эрмерс Роберт (Нидерланд Корольдігі) Абайдың қарасөздерінің голланд тіліне аударма тәжірибесі туралы баяндама жасады.

Бұл халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференция қазақ руханиятының, ұлттық болмыстың және әлемдік гуманизмнің өзегін айқындаған ауқымды әрі мазмұнды жиын болды. Ғылыми алаңда айтылған мазмұнды баяндамалар мен ойлы пікірлер, рухани сабақтастық пен ғылыми ізденістер – Абай мұрасын жаңа қырынан тануға, оның идеяларын заманауи ғылым мен ұлттық идеологияда тиімді қолдануға жол ашары сөзсіз. Ел мен елді, ғалым мен зиялыны, өткен мен бүгінді жалғаған жиын – Абай ілімін ұлықтаудың ғана емес, оны ғылыми тұрғыда саралаудың, әлемдік деңгейге көтерудің жарқын үлгісі іспетті.

* * *

ПОЭЗИЯ ФЕСТИВАЛІ

Онкүндіктің тоғызыншы күнінде Абай атындағы облыстық әмбебап кітапханада «Адамзаттың бәрін сүй, бауырым деп...» атты халықаралық поэзия фестивалі өтті. Фестиваль ТҰРКСОЙ халықаралық ұйымының және Михай Эминеску атындағы Халықаралық поэзия академиясының қолдауымен ұйымдастырылды. Іс-шараның басты мақсаты – ақын өлеңдерін әлемнің 15 тіліне аудару арқылы оның рухани мұрасын жаһандық деңгейде кеңінен таныту болды.

Фестивальге Түркі әлемі жазушылар одағы мен Конго, АҚШ, Мексика, Италия, Швеция мемлекеттерінің ақын-жазушыларымен қатар Ұлықбек Есдәулет, Светқали Нұржан, Серік Ақсұңқарұлы, Ғалым Жайлыбай, Ханбибі Есенқарақызы, Ақшұтап Бақтыгереева, Тыныштықбек Әбдікәкімұлы сынды отандық әдебиеттің көрнекті өкілдері қатысты.

Іс-шараның ашылу салтанатында ТҰРКСОЙ-дың Бас хатшысы, Қырғызстанның халық жазушысы Сұлтан Раев сөз алып, екі ел достығына тоқталып, ұлы Абай мұраларының күллі әлемге ортақтығы жайында сөз қозғады. Бұған қоса елімізге белгілі бірқатар ақын-жазушы ТҰРКСОЙ жазушылары ұйымының мүшесі атанды.

Облыс әкімі аппараты басшысының орынбасары Ербол Алшынбай фестивальға қатысушыларға өңір басшысы Берік Уәлидің құттықтауын жеткізді.

«Бүгінгі рухани жиын – өлең мен ойдың, жүрек пен тілектің, мәдениет пен мұраттың тоғысқан сәті. Әлемнің әр түкпірінен келген ақындар мен әдебиет өкілдеріне, Абай мұрасын насихаттап жүрген барша зиялы қауымға шынайы ризашылығымыз білдіреміз» делінген құттықтау хатта.

Сондай-ақ іс-шара аясында «Адамзаттың бәрін сүй бауырым деп» атты дүниежүзілік поэзия антологиясының (қазақ және ағылшын тілдерінде), Ион Диаконескудің «Ол құс – Мен» романы (қазақ тілінде), Ұлықбек Есдәулеттің «Ақыннан сағат сұрама» атты румын тіліндегі кітабының, Сауытбек Абдрахмановтың «Алып Абай» кітабының тұсаукесері өтті.

* * *

АЙТЫСТА АХАНОВ АТ ОЗДЫРДЫ

Семейде өткен «Адамзаттың Абайы» республикалық ақындар айтысының бас жүлдесін қарағандылық айтыскер Мақсат Аханов иеленді.

7 тамыз күні Семей қаласындағы Абай атындағы театрда өткен ақындар айтысы мәреге жетті. Өнер додасында еліміздің әр өңірінен келген он екі айтыскер бақ сынады. Олардың қатарында «Айтыстың ақтангері» Айбек Қалиев, Мақсат Аханов, Мұхтар Ниязов, Рүстем Қайыртауұлы, Жансая Мусина, Аспанбек Шұғатаев, Мейірбек Сұлтанхан сынды 6 «Алтын домбыра» иегері, сондай-ақ Әсем Ережеқызы, Шұғайып Сезімхан, «Асыл домбыра» иегері Айбек Жеңісқазин, Серік Қуанған, Қуандық Кенжебекұлы, Өміржан Көпбосынов болды. Айтысты белгілі айтыскер ақын, Парламент Мәжілісінің депутаты Аманжол Әлтай жүргізді.

Айтыстың марапаттау салтанатына облыс әкімі Берік Уәли қатысты. Өңір басшысы осындай айтыс енді жыл сайын дәстүрлі түрде өтіп тұратынын айтты.

«Адамзаттың бәрін сүй бауырым деп» жырлаған гуманист ақын Абайдың мерейтойына арналған «Адамзаттың Абайы» республикалық ақындар айтысы өте жоғары деңгейде өтті деп есептейміз. Ақынның мұрасын насихаттауға арналған айтыс Семейдің төрінде өтуі керек. Келесі жылдан бастап ұйымдастырып тұрамыз. Республикалық айтыстың күнтізбелік тізіміне енгізуді сұраймыз», деді облыс әкімі.

Айтыс қорытындысы бойынша үшінші орынды Әсем Ережеқызы мен Жансая Мусина (1 млн теңге), екінші орынды Айбек Қалиев пен Мейірбек Сұлтанхан (1,5 млн теңге) иеленді. Бірінші орын алған Рүстем Қайыртауұлына 3 млн теңге берілді. Ал бас жүлдеге тігілген автокөлікті қарағандылық Мақсат Аханов жеңіп алды. Айтысқа қатысқан басқа да ақындарға 500 мың теңгеден таратылды. Ақын Қуандық Кенжебекұлы Сиязбек Сүлейменов әулетінің арнайы жүлдесіне (200 мың теңге) ие болды. Облыс әкімінің арнайы жүлдесі (500 мың теңге) Мұхтар Ниязовқа табысталды.

Өңір басшысы Абай тойына орай ұйымдастырылған республикалық айтысқа төрелік еткен қазылар алқасының төрағасы Жүрсін Ерманға, қазылар алқасының мүшелері Сауытбек Абдрахманов пен Төлеген Жанғалиевке, айтысты жүргізген Аманжол Әлтайға құрмет көрсетіп, арнайы тапсырыспен әзірленген Абай шапаны мен тақиясын және мерейтойлық кілемшені тарту етті.

Б. ҚАДЫР, Абай облысы, egemen.kz.

Аудандық мәслихаттың депутаттары мен аудан тұрғындарының назарына

«Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 10-бабына сәйкес, 2025 жылғы 22 тамызда сағат 11:00-де Бұланды аудандық мәслихатының сегізінші шақырылымының кезекті сессиясы шақырылады.

Сессияның қарауына келесі сұрақтар шығарылады:

- Бұланды ауданының ауыл шаруашылығы мақсатындағы жерлерді түгендеу туралы;
- Бұланды ауданының тұрғын үй-коммуналдық

шаруашылық жолаушылар көлігі, автомобиль жолдары және тұрғын үй инспекциясы бөлімі» ММ-нің 2024-2025 жж. жобаларын іске асыру жөніндегі жұмысы туралы;

3. «Бұланды ауданының мәдениет, тілдерді дамыту, дене шынықтыру және спорт бөлімі» ММ-нің спорттық, мәдени-бұқаралық іс шараларды ұйымдастыру, кітапхана жүйесінің жұмысы, жастардың бос уақытын ұйымдастыру жұмысы туралы есебі.

Н. СЕКСЕНОВ, Бұланды аудандық мәслихатының төрағасы.

К сведению депутатов районного маслихата и населения района

В соответствии со статьей 10 Закона Республики Казахстан «О государственном управлении и самоуправлении в Республике Казахстан» 22 августа 2025 года в 11.00 часов созывается очередная сессия Буландынского районного маслихата восьмого созыва.

На рассмотрение сессии выносятся следующие вопросы:

- Об инвентаризации земель сельскохозяйственного назначения Буландынского района;
- О работе ГУ «Отдел жилищно-коммунального

хозяйства, пассажирского транспорта, автомобильных дорог и жилищной инспекции Буландынского района» по реализации проектов 2024-2025 г.г.;

3. Отчет о работе ГУ «Отдел культуры, развития языков, физической культуры и спорта Буландынского района» по организации спортивных, культурно-массовых мероприятий, работа библиотечной системы, организация досуга молодежи.

Н. СЕКСЕНОВ, председатель Буландынского районного маслихата.

АУДАН ТЫНЫСЫ – ПУЛЬС РАЙОНА

Жаздың спорттық іс-шарасы

Аудан тұрғындары арасында дене шынықтыру жұмысты жандандыру, спортпен айналысу арқылы денсаулықты нығайтудың және салауатты өмір салтын ұстанудың үздік құралы ретінде насихаттау мақсатында Макинск қаласының орталық стадионында өткен сенбі күні «Ақ бидай» жазғы аудандық спартакиадасы өз мәресіне жетті.

Аудандық мәдениет, тілдерді дамыту, дене шынықтыру және спорт бөлімінің басшысы Серік Шортаев бұландылықтарды спорт пен салауатты өмір салтын насихаттайтын тамаша іс-шарамен құттықтап, қатысушыларға, атап айтқанда, Макинск қаласы мен ауылдық округтердің спорт ұжымдарын құттықтады.

Спартакиада бағдарламасына келесі спорт түрлері енгізілді: футбол, шахмат, дойбы, жеңіл атлетика.

Бұл күні бұландылықтардың спорттық құштарлығы мен жеңіске деген құлшынысы жоғары болды. Әр ойыншы өз командасының на-

мысын абыроймен қорғап, шеберліктерін көрсете білді. Ойындарда сөзсіз мықтылар жеңіске жетті.

Спорттық жарыстардың қорытындысы бойынша жеңімпаздар дипломдармен, медальдармен және ақшалай сертификаттармен марапатталды. Аудандық жазғы «Ақ бидай» спартакиадасында жалпы командалық есепте бірінші орынды Макинск қаласының командасы, екінші орынды Вознесенка ауылдық округінің командасы, үшінші орынды Ерғолка ауылдық округінің командасы иеленді.

Спартакиада тек спорт мерекесі ғана емес, салауатты өмір салтын және спортты сүйер қауымның кездесуіне айналды. Аудан спортшыларының жігері мен жеңіске деген құштарлығын тағы бір дәлелдеді. Спортшыларды жеткен жетістіктерімен құттықтап, олардың спортқа деген сүйіспеншілігін арттырып, түрлі спорттық ареналарда жұлделі орындардан көрінулеріне тілектестік білдіреміз!

Спортивное мероприятие лета

С целью активизации физкультурно-массовой работы среди жителей района, пропаганды физической культуры и спорта как лучшего средства укрепления здоровья и ведения здорового образа жизни на центральном стадионе г. Макинска в минувшую субботу состоялась летняя районная спартакиада «Ақ бидай».

Попригветствовал участников спортивного мероприятия - команды из г. Макинска и сельских округов - руководитель районного отдела культуры, развития языков, физической культуры и спорта Серик Шортаев, поздравив буландынцев с прекрасным массовым мероприятием, пропагандирующим спорт и здоровый образ жизни.

В программу спартакиады были включены следующие виды спорта: футбол, шахматы, шашки, легкая атлетика.

В этот день буландынцам было не занимать спортивного азарта и воли к победе. Каждый игрок сумел продемонстрировать свое мастер-

ство, защищая честь своей команды. В играх победили, несомненно, сильнейшие.

По итогам спортивных стартов победители были награждены дипломами, медалями и денежными сертификатами. Первое место в районной летней спартакиаде «Ақ бидай» в общекомандном зачете заняла команда г. Макинска, второе место заняла команда Вознесенского сельского округа, третье место – команда Ерғолского сельского округа.

Спартакиада стала не только спортивным праздником, но и встречей друзей, любителей здорового образа жизни и спорта. Она в очередной раз доказала, что буландынские спортсмены полны энергии и стремления к победам.

Поздравляем спортсменов с хорошим выступлением, желаем укреплять любовь к спорту, занимать призовые места на различных спортивных аренах!

А. АМАНЖОЛОВА.



Стабильность, опыт и доверие клиентов

Профессиональная охрана объектов, оперативное реагирование, надежность и качество защиты. Эти термины в полном мере приемлемы, чтобы охарактеризовать деятельность ТОО «Кузет-Сервис Кокшетау», организации, специализированной на профессиональной охране объектов. 2025 год для товарищества особенный и значимый – 20 лет со дня официального основания, как частной структуры, основной миссией которой является безопасность и защита.

20 лет – казалось бы, дата небольшая, но это важная веха в жизни тех, кто работал в ТОО в разные годы и продолжает трудиться здесь. Со временем расширяется спектр услуг, но принципы и подходы к работе остаются прежними. Организация сохраняет высокий уровень компетенций, что позволяет предоставлять качественные услуги и профессионально подходить к решению вопросов безопасности, а ведь это очень серьезная задача, которую ТОО «Кузет-Сервис Кокшетау» достойно выполняет. На сегодняшний день ТОО осуществляет охрану банков, ломбардов, магазинов, социальных объектов. Также осуществляется физическая охрана на постах – деятельность охранников на объектах, фиксирование на

пульте центрального наблюдения, работа тревожных кнопок на объектах.

Безусловно, за 20 лет сложились добрые традиции и преемственность. И сегодня потенциал товарищества солидный, имеются технические и оперативные возможности. С уверенностью можно сказать, что «Кузет-Сервис Кокшетау» – это коллектив преданных своему делу сотрудников и профессионалов своего дела.

С важным этапом в жизни ТОО поздравил в беседе с редакцией руководитель – директор Ауез Кийкбаевич Мурзахметов, отметив, что 20 лет назад, в 2005 году, ТОО «Кузет-Сервис Кокшетау» получило лицензию и начала свой путь в мир охраны и безопасности. Все эти годы организация стремилась к развитию и повышению качества оказываемых услуг, прошла нелегкий путь к достижению своих целей. Ауез Кийкбаевич обратился к коллегам с благодарностью за проявляемую верность организации, самоотверженность, ответственность и отзывчивость. Ведь, не секрет, что сила любой команды в людях, в их желании



работать и приносить пользу обществу. Поздравляя весь коллектив ТОО с 20-ти летним юбилеем, руководитель пожелал дальнейшего процветания и еще долгих лет работы и развития.

Свыше сорока лет в сфере охраны

трудится сотрудник ТОО «Кузет-Сервис Кокшетау» Наталья Анатольевна Сизова. За годы работы она стала неотъемлемой частью коллектива, работая на укрепление позитивного имиджа организации на рынке охранных услуг. Наталья Анатольевна считает, что в современном мире приоритетной задачей в работе любой структуры является вопрос безопасности. А системы безопасности ТОО «Кузет-Сервис Кокшетау» – гарантия защищенности и спокойствия.

Одним из стабильных и уважаемых клиентов ТОО «Кузет-Сервис Кокшетау» является Буландынский районный филиал АО «Halyk Bank». Руководитель филиала одного из ведущих банков страны Нуржан Тулегенович Каппасов, в свою очередь, выразил признательность юбиляру за качественное выполнение всех возложенных задач и отличную службу, поздравив

ТОО «Кузет-Сервис Кокшетау» с 20-летием и пожелав новых профессиональных горизонтов, успехов в нелегкой сфере и плодотворной работы еще на долгие годы. Нуржан Тулегенович

подчеркнул, что никаких нареканий к работе ТОО за годы работы не было, коллектив слаженный, что проявляется в оперативности и ответственности сотрудников. Следует отметить, что товарищество осуществляет охрану здания банка, которое, безусловно, является важным стратегическим объектом, отвечает за безопасность установленных в районном центре банкоматов, под контролем работа тревожных кнопок, центрального пульта управления.

Можно было продолжить рассказ о главном юбилере – ТОО «Кузет-Сервис Кокшетау» – пафосными словами и высокими эпитетами, однако, в излишней помпезности эта организация не нуждается. Да и сфера работы у них строга и четкая: без лишней эмоций, слов – оперативно, слаженно, системно.

Двадцать лет деятельности – это сложный путь, и каждый новый год добавляет опыт и навыки. Но неизменной остается цель работы – уберечь имущество организаций и граждан от преступных посягательств, в течение нескольких минут прибыть на место и оказать помощь. Путь в два десятилетия позади, впереди – новые цели, планы, приоритеты и задачи. ТОО «Кузет-Сервис Кокшетау» продолжает активно развиваться, сохраняя лидерские позиции и доверие партнеров.

А. АМАНЖОЛОВА.

СПОРТ КҮНІНЕ ОРАЙ – КО ДНЮ СПОРТА

Спортивная работа, ставшая смыслом жизни

Мы давно знакомы с этим скромным, миловидным, немногословным мужчиной. Каким-то дружелюбием веет от него. Имели честь работать с ним в школе лет десять. Разбирался во многих тонкостях спорта и внес огромный вклад в его развитие среди школьной молодежи.

- Валерий Александрович, как Вы пришли к спорту, что способствовало стать физруком школы?



- Так же как и многие мальчики, в детские годы я стремился к романтике, героизму. С детских лет пристрастился к спорту, особенно увлекся футболом. По вечерам мы, дети, играли в футбол: улица с улицей, пот градом, дышать было трудно. Отстаивали спортивную честь своей улицы. Никто так горячо как я не радовался каждому успеху футбольной команды и не переживал так остро неудачи. В футболе находил выход своей энергии. В итоге детских

спортивных сражений родилась моя большая мечта, которой потом, много лет спустя суждено было осуществиться, - вспоминает, ветеран спорта В. А. Дятлов.

После успешного окончания средней школы, отслужив в рядах Советской Армии, демобилизованный парень устроился на работу ПМК монтажником и, отработав два года, поступил на спортивное отделение Щучинского педучилища. Быстро прошли студенческие годы. Спортивная юность окончилась, впереди была пора зрелости и еще более напряженного труда.

Спортивную трудовую деятельность начал в Вознесенской средней школе преподавателем физкультуры. Он был обеспечен квартирой и учебной нагрузкой недели.

Спортивная работа стала смыслом его жизни. Во время занятий уделял внимание общему физическому развитию учащихся. Поурочные планы всегда стремились составлять по возрастным особенностям учащихся, развивая их спортивные способности. Физрук организовал спортивную работу так, чтобы она была посильна и интересна каждому ученику. Поэтому хорошо организованная спортивная работа оказывала на воспитанника благотворное

развивающее влияние.

Для того, чтобы учащийся знал свои успехи и неудачи, чтобы он мог закреплять первые и изживать вторые физрук своевременно ему оказывал практическую помощь. Поэтому ребята полюбили и уважали своего наставника. Своим напряженным трудом авторитетом пользовался среди учеников и школьных учителей.

Почти за сорокалетний труд в ВШ № 3, СШ № 5, 1 и 2 обучил несколько поколений детей спорту.

В спортивной среде отмечали стабильно хорошие выступления его воспитанников, они всегда проходили на высоком уровне. Он регулярно проходил курсы по повышению квалификации учителей. За достигнутые успехи в деле обучения и воспитания подрастающего поколения неоднократно за профессиональное мастерство и результативность педагогического процесса награжден почетными грамотами и материальными вознаграждениями. Воспитал, вырастил троих детей, все они трудятся на различных отраслях народного хозяйства и имеет шестерых внуков.

Мы от всей души поздравляем ве-



терана футбольного спорта, прославленного физрука В.А. Дятлова с днем спорта и желаем крепкого здоровья, мира, всех благ и долгих лет счастливой жизни.

Т. ЖУСУПБЕКОВ.

ТАЗА ҚАЗАҚСТАН

Үлгі бола білген мекеме

Таза Қазақстан - ластанған аумақтарды қалдықтардан тазартуға, экологиялық ағарту жұмыстарын жүргізуге және тұрғындардың экологиялық сауаттылығын арттыруға бағытталған акция. Аз уақыттың ішінде экологиялық акция еліміздің түкпір-түкпірінде кең етек жайды.

Бүгінде «Таза Қазақстан» республикалық акциясы еліміздің барлық аймағында жалғасын тауып, жалпыхалықтық эко-челленджге айналды.

Ауданымызда жалпы ұлттық экологиялық акцияны өткізу арқылы табиғат анаға деген шексіз махаббат пен тазалық мәдениетін қалыптастыру ісіне сүбелі үлесімізді қосамыз десек артық айтпаймыз.

Бұланды ауданының Төтенше жағдайлар бөлімі әрқашан өзінің отансүйгіштігін, ауданға деген құрметін көрсетіп келеді. Бөлімнің



